

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.4. - Б.16-19

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДА ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУ БАҒЫТТАРЫН ТАЛДАУ

Айкунешева Д.М.

Қазіргі кезде қоғамдағы әйел мен ердің орны туралы түсініктер мен құндылықтар, осымен байланысты стереотиптер мен әлеуметтік үрдістер ерекше өзекті мәселеге айналып отыр. Өйткені жыныстардың қоғамдық рөлі туралы процестер мен стереотиптер ұрпақтан ұрпаққа дәстүр бойынша жалғасып келе жатқан, тамыры тереңге кеткен түсініктер негізінде қалыптасады. Бұл түсініктер қоғам дамуының ұзақ тарихы бойында дамып отырады және оның әртүрлі қырлары болады: тарихи, экономикалық, саяси, психологиялық және діни [1,6 б].

«Гендер» түсінігі – бұл әйелдер мен ерлердің рөлін әлеуметтік жобалау б.т. Гендер дегеніміз - туа біткен анатомиялық қасиеттер емес, әлеуметтік конструкция. Сол себепті, гендерлік қатынас көп өлшемді зерттеу нысаны ретінде ерекше методологияны қажет етеді.

Гендер – бұл ерлер мен әйелдердің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерінің сипаттамасы мен белгілерінің, сол сияқты олардың арасындағы әлеуметтік қатынастардың кешені. «Гендер» термині әлеуметтік үдерістерді түсіну үшін аналитикалық құрал болып табылады.

Зерттеулерге сәйкес, ерлер мен әйелдер өздерінің алған тәрбиесіне, қоғамдағы олар үшін жасалған дәліздерге сәйкес өздерін ұстайды. Сондықтан елді кешенді жаңғыртуда маңызды бағыттарының бірі гендерлік саясат болып табылады [2,8-9 б].

Гендерлік саясат- қоғамның барлық салаларында ерлер мен әйелдердің теңдігіне жетуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет.

Гендерлік теңдік-ерлер мен әйелдердің теңдей құқықтық статусының болуы және олардың әлеуметтік теңдігі мүмкіндіктерінің болуы.

Қызылорда облысында әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат бойынша облыстық және 8 өңірлік комиссиялар жұмыс істейді. Олар аудандық және Қызылорда қалалық әкімияттары жанынан ашылған. Комиссия құрамында беделді тұлғалар бар: мемлекеттік орган басшылары, жергілікті мәслихат депутаттары, кәсіпкерлер, журналистер,ҮЕҰ мүшелері. Комиссияның негізгі мақсаты - әйелдердің азаматтық белсенділігін арттыру, жоғары білімді, саяси мықты әйел кадрлары мемлекетті басқару ісінде ер азаматтарға лайықты бәсекелес болуы керек.

Облыс әкімі жанындағы әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат комиссиясы үкіметтік емес сектормен, депутаттық корпуспен және

жергілікті БАҚ бірлескен жұмыстарын жалғастырады, гендерлік теңдіктің мемлекеттік бағдарламасын бұдан әрі қарай іске асыра береді.

Ағылшындардың ғылыми зерттеулері бойынша шешім қабылдауда уақыт жетіспеушілігінде, дамушы елдерде адами капиталдың негізгі инвесторы – отбасы. Мұндай елдерде аз қамтамасыз етілген отбасылар балаларға жұмсалатын келешек шығындардың қайтарымы сияқты мәселеге ерекше мән береді [4].

2010-1015 жылдарға арналған аймақтағы гендерлік теңдікті нығайтуға арналған мемлекеттік бағдарламасы бойынша атқарылатын іс-шаралар төмендегі 1–кестеде берілген.

Аталған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары:

-шешім қабылдайтын деңгейдегі билік органдарында әйелдердің үлесінің көп болуына қол жеткізу;

-әйелдердің экономикалық өмірге белсенді қатысуы үшін жағдай жасау;

-әйелдер арасында кәсіпкерлікті дамыту бойынша шараларды жетілдіру;

-әйелдер мен балалардың денсаулығын жақсарту шараларын қабылдау;

-отбасы және некенің жағымды жақтарының адамгершілік құндылықтарын жаңғырту;

-әйелдерді кемсітушіліктің барлық түрлерінен қорғаудың құқықтық кепілдігін қамтамасыз ету, бірінші кезекте – отбасындағы зорлық-зомбылықтан қорғау.

1 – кесте. Аймақтағы гендерлік теңдікті нығайту

№	Индикаторлар атауы	Өл-ше м бір-лігі	Нақты	1 кезең			2 кезең	
			2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.
1	2015ж шешім қабылдау деңгейі билігіндегі әйелдер үлесі 30 %	%	15	17	21	25	27	30
2	2015 ж әйелдер орта жалақысының ерлер орта жалақысына арақатысы 80% аз емес	%	58	62	65	70	75	80

Ескерту- Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасы негізінде құрастырылған

Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын қабылдағаннан бері Қазақстандағы ерлер және әйелдер құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласында біршама ілгерілеуге қол жеткізді. Қоғамдағы гендерлік қатынастардың демографиялық сипаттамалары ішінде әйелдер мен ерлер санының қатынасы үлкен маңызға ие [5].

Еңбек рыногындағы әйелдер мен ерлердің теңдей мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін, дискриминациялық элементтерді жоятын құқықтық базаның құрылуына Қазақстанның заңнамалық актілеріне гендерлік сараптама жүргізу жұмыстары ықпалын тигізеді. Мұндай жұмыстар әйелдер құқығын қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияларға қосылған елдерде жүйелі түрде өткізіліп тұрады. Оның пәні – азаматтарға қатысты нақты құқықтық актілер және оларды жүзеге асыру механизмдері.

Сауалнама «face to face» әдісімен жүргізілді. Нәтижелерін өңдеу анкета сұрақтарының жауаптарына сандық талдау жолымен жүзеге асырылды

«Гендерлік теңдік» түсінігі? Ол нені білдіреді? -деген сұрақ бойынша респонденттердің үштен бір бөлігі гендерлік теңдік сөзін - рухани, материалдық, экономикалық, жыныстық және саяси өмірдегі ерлер мен әйелдердің теңдей мүмкіндіктері мен теңдей құқықтары деп түсінеді.

Шамамен сұралғандардың осындай бөлігі қоғамдағы ерлер мен әйелдер рөлінің және статусының теңдігі деп түсінеді.

Ал гендерлік теңдікті ұлттық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуға теңдей қатысу шарттары деп-16%, бірдей пайда алу үшін теңдей шарттар деп-4% түсінеді.

Бұдан да басқа сұрау нәтижелері бойынша: 64% респондент «ерлер де, әйелдер де ел тағдыры үшін бірдей жауапты» десе, 28% респондент «әйелдердің көшбасшылық сапасы ерлерден төмен емес» деп есептейді, ал 24% респондент «ерлер әйелдерге қарағанда көбірек ақша табу керек, себебі ол отбасының асыраушысы» дейді, 20% респондент «ерлер туылғаннан көшбасшы, ол бірінші лауазымға ие болу керек, ал әйелдер карьералар жасауы міндетті емес» деген шешімге келеді, 4% респондент «саясат әйелдер үшін емес» деп шешеді.

3 - кесте. Саяси құқықтардың маңыздылығы бойынша алынған сұрау нәтижелері



Ескерту- автордың құрастыруымен

Сұрау барысында респонденттердің жартысынан астамы гендерлік стратегия мазмұны және оның бар екендігі туралы білмейтінін айтқан. Респонденттердің үштен бір бөлігі стратегия туралы естуі бар екендігі, бірақ оның мазмұнын білмейтінін белгілесе, 8% респонденттер бағдарламаны білетінін, бірақ толық емес екенін, тек 4% респондент бұл бағдарламаны жақсы білетінін айтқан.

Қазақстан Республикасындағы Гендерлік теңдік стратегиясының негізгі ережелері жайлы халықтың негізгі ақпарат алу көздері ретінде интернет және бұқаралық ақпарат құралдарын атаған.

Сұрау нәтижесі бойынша респонденттердің 4%-ы «Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдік стратегиясының» орындалу нәтижесін сезінетінін, ал 12% респондент оның елеулі нәтижелерінің жоқтығын, 84% респондент «Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясы» атты мемлекеттік бағдарламаның бар екендігі туралы білмейтіндігін белгілеген.

Зерттеу нәтижесі бойынша респонденттердің басым көпшілігі (92%) біздің елімізде ерлер мен әйелдер арасында теңсіздік орын алатынын білдіреді. Олардың көзқарасы бойынша, ерлер мен әйелдер арасындағы теңсіздік төмендегідей салаларда анық көрінеді:

Респонденттердің басым бөлігі отбасы бюджетін әділ бөлу мен үй жұмыстарында отбасылық міндеттерді әділ бөлуді отбасы-тұрмыстық саласындағы өзекті мәселелер ретінде айтады. Сұралғандардың үштен бір бөлігі балалар тәрбиесіне теңдей қатысу мәселелерін көрсетеді, ал респонденттердің бестен бір бөлігін мүліктік құқықтарының теңдігі мәселелері мазалаған.

Сұрау нәтижелері бойынша қазіргі қоғамда ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуде келесі ұсыныстар анықталды:

- заңдық базаны жетілдіру;
- дәйекті гендерлік теңдікке қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік саясатты жүргізу;
- әлеуметтік теңдікті қорғаудың қоғамдық пікірін қалыптастыру;
- кәсіподақтардың мақсатты бағытталған жұмыстарды жүргізуі;

- әйелдер ұйымдарының белсенділігін арттыру.

Әдебиеттер тізімі

1. Филимонкова С.А. Обеспечение гендерного равенства в социально-трудовой сфере. автореферат дис.к.э.н: 08.00.05-М, 2005г
2. Чернова И.И. Исследование процессов в социальной структуре современного общества. автореферат дис.д.с.н: 22.00.04-Нижегород, 2002г
3. Соловьева С.Н. Детерминационные процессы гендерных отношений: Социально-философский аспект. автореферат дис.к.ф.н: 09.00.11.-М., 2006.
4. Young, D., Coodie, A., Hall, D., Wu, E. [2012]. Decision making under time pressure, modeled in a prospect theory framework. *Organizational Behavior and Human Decision Processes*. 118, 179-188.
5. Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы, 2013 жыл
6. Облыстық халықты жұмыспен қамтуды және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру Департаменті мәліметтері, 2013 жыл
7. Қазақстан Республикасының статистикалық мәліметтер жинағы, 2014
8. www.stat.kz